

КЕСЕЛ

ӨЗЕККЕ ТЕБУ ТАЛАНТТАРДЫ ТҰСАЙДЫ

Қақсай-қақсай жағымыз талса да айтудан тынбаймыз. Токио жазғы Олимпиадасындағы сәтсіздік, спорттағы тоқырау туралы газетімізде үнемі жазып, оқырманды құлағдар етіп келеміз.

ойындарына не үшін бара алмағынын былай таркатады: «Жанашыр жанкүйер ағайын «Неге Олимпиадаға қатыспадың?» деп жиі сұрайды. Менің арманым – Олимпиада ойындарының алтын медалін олжалау. Сол биікке шығу жолында қаншама жылдан бері тынбай еңбектеніп келемін. 2016 жылы бірінші лицензиялық турнирде түрлі шектеу болды.

алғанға көндігу онай ма, боксшы қыз төрешілер алдына бармай ма? «Өз адамдарын осылай ойнатуды тапсырып, жығып беруді жүктеді» деген жауап естіген. Оның алдында Болгариядағы турнирде де боксшы қыздың жолын бөгеп, қарсыласына жығып берді. Міне, осындай көзге көрінбейтін, сыртқа естіле бермейтін ішкі арпалыстардың ақыры таланттардың тағдырына сына қағып отыр.

Торқалы тоқсан жылдық мерейтойын халқы ел болып тойлауды асыға күтіп жүрген ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «күйгендіктен айтамын, сүйгендіктен» деп жырлағанындай, халық боксшыларын алабөтен жақсы көретіндіктен сын айтады, міні түзелсе деп. Бокс федерациясының вице-президенті, бокстан мемлекеттік жаттықтырушы, Афина Олимпиадасының чемпионы Бактияр Артаев ұлттық құрама мүшелері енді 80 пайызға жанаратынын айтты. Жанару, жаңғыру да тек құрама мүшелерінде ғана емес, жалпы қазақ спортына керек.

Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағапанов «Астана» футбол клубының бюджетіне қатысты, футболшылардың алғанын ақтамай жүргенін айтты. Түп-тура ақиқаты осы. Елордалық «Астана» сіз бен біздің салығымыздан түсетін қаражаттан жан бағатын клуб. Елдің басты көзір

клубы саналып келген «Астананың» қатарына кірген легионерлер тым қымбат бағамен келеді. Жылдық бюджеті 30 миллион АҚШ долларына жетіп жығылатын клуб басшылығы вице-министр айтқандай база да, академия да салған жоқ. Қаржылық әлеуеті әлдеқайда зор саналатын клуб қазір қарызға белшеден батқан, шығын дегенің шаш етектен. Берешегін мемлекеттің қаржысынан өтеп тастауды көздеген клуб басшылары да жанталасып, жолдарын қарастырып жатқанға ұқсайды. Шеттен келген легионерлер ай сайын 60 мың еуроға дейін жалақы алады. Нәтижесі анау. Еліміздің клубтары еурокубоктық ойындардың іріктеуінде тырапай асып, ойсырай ұтылып жатады. Ұлттық құраманың қаусаған ойын деңгейі жөнінде айтылып та, жазылып та келеді.

Спорт – елдің ұстыны, спортшы – халықтың айнасы саналады. Сондықтан да бұл саланың қордалы мәселесін жүйелеу үшін мәдениеттен бөліп, жеке-дара құрылым құрылуы керек. Жауапты қызметтің тізгінін спортты сүйегіне дейін сіңірген жандарға ұстатқанда ғана ісіміз оңалады. Біз бұл тақырыпқа әлі де қайырыламыз. Спорт саласы мамандарының айтар уәжі болса, мархабат.

Қуаныш РАХМЕТ

СҰХБАТ

Жемқорлық жайлаған саланың түбінде томары мүжіліп, морт сынатыны белгілі. 2004 жылдан бері елімізде мектеп бітірген түлектер аттестат алу һәм жоғары оқу орнына грантқа түсу үшін ұлттық бірыңғай тест тапсырады. Жыл сайын жемқорлық, заң бұзушылық фактілері тіркеледі. Тест жауабын сатудан бастап оқушының орнына сынақ тапсыруға студент, оқытушының кіру дерегі тіркеледі. Биыл да солай болды. Басқа-басқа, әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың қызының орнына өзге біреу сынақ тапсыруға «өтіп кетіп» орта жолда тұтылуы халықтың «қызуын көтеріп жіберді».

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым, әдебиет сыншысы Дандай Ысқақпен әңгімеміз қоғамның бүгінгі ағысы турасында өрбіді.

Дандай ЫСҚАҚ:

ӘЛЕМДЕ ҮЛКЕН СІЛКІНІС ЖҮРІП ЖАТЫР



Jas qazaq: Дандай аға, Мағжан Жұмабаевтың өмірін, шығармашылығын зерттеп жүрсіз. Алаштың ақиық ақыны Мағжан айтқан ұлттық дәстүрмен өрілген жолды ұстанудан алшақтап барамыз ба? Бұрын батыстан естіп-білген ЛГБТ деген ұйымдар біржыныстылықты насихаттап, жалауын желбіретіп шығатын болды. Шымкентте ұлтжанды азаматтар дүрк көтеріліп шулатты, күні кеше Қарағандыда қасқыр мінез абадан жігіттер қуып шықты. Енді Ақтөбеде жиын жасаймыз деген ЛГБТ әуесілері әулекілігін қояр емес. Ұлттың тамырына құрт түсірушілердің тіршілігі, тіпті күш алып барады.

Дандай Ысқақ: Бұл әлемдік деңгейдегі күн тәртібінде тұрған мәселе. Тіпті сыздап тұрған, кәдімгі соқтасы солкылдатқанда шыбын жаныңды көзіңе көрсететін кесепаты үлкен кесел бұл. Ғасырдан ғасырға ұласып, жүлгесін үзбей жалғасып келе жатқан дәстүр бар, еңбек бөлінісі деген. Ер адамдар шаңырағын шайқалтып алмас үшін түзде жұмыс істеп, отбасын асырау үшін материалдық құндылықты қамтамасыз етеді. Ал әйел заты ерінің еңбекпен тауып әкелген дүниесін ұқсатып, отбасының ұйтқысы болып, ошағының отын сөндірмей отырады. Елді қорғау, жерді қору, отбасының тыныштығын күзету еркектің міндеті саналды. Сонда еркектің атқаратын шаруасы көп, әйелдің жұмысы шаш-етектен деп ешкім қабағын кіржиппейді. Әркім өзінің міндетін біледі. Бұл ұстанымға ислам мемлекеттері әлі күнге дейін мойынсұнады. Салт-дәстүріне берік, әдет-ғұрпына сергек қарап, сол жолмен жүреді.

Өкінішке қарай, бұл дәстүрдің Батыс елдерінде бұзылғанына біраз уақыт болды. Еркек пен әйелдің о баста айтқан еңбек бөлінісі қазір мидай араласып кетті. Гендерлік саясат дейміз, ер мен әйел тең құқылы деп ұран көтереміз, әйтеуір, еркектің қабырғасынан жаралған әйел баласы бұған дейін бір саты төмен саналып келсе, енді біз оны теңшеп, шендестіріп қойдық.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

СИЫРДЫҢ АҚШАСЫ СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫНА КЕТТІ

Олжас БЕКТЕНОВ,
сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі
төрағасының бірінші
орынбасары:

– Түркістан облысында асыл тұқымды мал шаруашылығына қолдау көрсету мақсатында 203 кәсіпкерлік нысанына 825 млн теңгеден астам субсидия берілген. Бірақ олардың ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысы жоқ, кілең сұлулық салоны, фармкомпаниялар, жылжымайтын мүлікті жалға беру, автокөлік жөндеу мекемелері және т.б.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
66,17

DOLLAR
425,82

EURO
498,21

РУБЛЬ
5,76



ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Президенттің бұл елдегі сапары Көк үйдегі ресми рәсімнен басталды. Қазақстан Президентін Оңтүстік Корея Президенті Мун Чжэ Ин салтанатты түрде қарсы алып, құрмет көрсетті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Кореяның ұлттық батыры Хон Бом Доның құрметіне орай өткен рәсімге қатысты. Салтанатты жиындағы сөзінде ол «бұл — Қазақстанның корей жұртына деген шынайы ықыласы мен зор құрметінің белгісі» деп атап өтті.

— Мұндай іс-шаралардың тарихи мән-маңызы айрықша. Қазақтар да, корейлер де

енбек етуде. Олардың ел экономикасын өркендетуге қосып жатқан үлесі зор. Қазақстанда тұратын корейлер екі елдің қарым-қатынасын дамытуға да белсенді атсалысып жүр. Біздің ынтымақтастығымыз болашақта осындай достық рухта нығая береді деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сапар барысында Оңтүстік Корея Президентінің резиденциясында ресми делегация мүшелерінің қатысуымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Мун Чжэ Ин келіссөздер өткізді. Тараптар қазақ-корей стратегиялық әріптестігін одан ары дамытудың перспективаларын жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Ғаламдық және аймақтық өзекті

тәжірибесіне қызығушылық танытты. Оңтүстік Корея Президенті пандемия басталғалы бері осындай жоғары деңгейдегі кездесуді ең бірінші болып Қазақстан Президентімен өткізіп жатқанын атап өтті.

— Сізді көп күткен аса қадірлі қонақ ретінде күтіп алғанымға қуаныштымын. Біздің кездесуіміздің Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Корей Республикасы Тәуелсіздігінің 76 жылдығы қарсаңында өтіп жатқаны аса маңызды, — деді Президент Мун Чжэ Ин.

Оңтүстік Корея Президенті Мун Чжэ Ин Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына Кореяның ұлттық батырлары, ел тәуелсіздігі үшін күрескен Ге Бон У, Хван Ун Дена және генерал Хон Бон Доның сүйектерін тарихи Отанына жеткізуге ықпал еткені үшін ризашылығын білдірді. Корей басшысы аймақтық және халықаралық

ДОСТЫҚ пен ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ



Тәуелсіздіктің қалір-қасиетін жақсы түсінеді. Хон Бом До — Кореяның азаттығы үшін күрескен бірегей тұлға. Генерал тағдырдың жазуымен өмірінің соңғы жылдарын қазақ жерінде өткізді. Содан бері канша жыл өтсе де, атажұртында батырдың ерлігі ұмытылған жоқ. Оны біздің халқымыз да жақсы біледі. Қызылорда қаласында Хон Бом Доның құрметіне мемориал тұрғызылған. 2018 жылы батырдың туғанына 150 жыл толды. Қазақстан Халқы ассамблеясы осыған орай арнайы конференция өткізді. Генералдың есімі қазақ елінің жадында сақталады. Оның мемориалы мемлекет қамқорлығында болады, — деді Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев кезінде корей ұлтының көптеген өкілі Қазақстанға еріксіз қоныс аударғанын, олардың арасында Ге Бон У, Цай Ден Хақ, Ким Ман Сам сияқты танымал тұлғалар барын атап өтті.

— Жер аударылған корейлерді халқымыз бауырына басып, паналатты. Олар қазақ елінде өсіп-өніп, нағыз отандастарымызға айналды. Біздің елде әр этностың өз тамырынан ажырамай, тілі мен ділін сақтауына барлық жағдай жасалған. Корей диаспорасы да осы игілікті көріп отыр. Елімізде Қазақстан корейлерінің қауымдастығы бар. Корей мәдени орталықтары мен Корей театры жұмыс істейді. Корей тілінде газет шығады. Корей бауырларымыз көптеген салада табысты

мәселелерді қарастырып, халықаралық құрылымдардағы өзара ынтымақтастықты талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Мун Чжэ Инге корей жерінде көрсетілген құрмет пен қонақжайлығы үшін ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен кездесудің қазақ-корей қарым-қатынасына тын серпін бергенін айтып, Оңтүстік Корея Қазақстанның Азиядағы ең маңызды стратегиялық әріптесі екенін атап өтті: — Бүгінгі таңда Қазақстанның экономикасына 6 млрд доллардан астам корейлік инвестиция тартылған. Инвестиция тарту ісін бұдан былай да жалғастыра беру керек деп ойлаймын. Мен осыдан екі жыл бұрын өзара байланыстарымызды арттыру үшін ауқымды жоба құру керек екенін Сізге айтқанмын. Қазір Қазақстанда корейлықтар қаржы салған 550 компания жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында Samsung, Hyundai, Lotto, Posko және тағы басқалары бар. Өте жақсы институционалды база қалыптасқан, үкіметаралық комиссия мен іскерлік кеңес жұмыс істеп жатыр.

Мемлекет басшысы коронавируспен күресте көрсеткен гуманитарлық көмегі үшін Мун Чжэ Инге алғыс айтып, қазақстандық QazVac вакцинасы туралы ақпаратпен бөлісті. Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Кореяның жоғары технологиялар мен денсаулық сақтау саласын дамыту

үдерістерде Қазақстанның аса маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

— Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін сыртқы саясатта ашық әрі тығыз байланыс орнатып, белсенділік таныту арқылы Орталық Азиядағы қырқынды дамушы мемлекетке айналды. Сонымен қатар Қазақстан Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес арқылы және Дүниежүзілік сауда ұйымындағы министрлер конференциясының тентөрағасы ретінде де көпжақты ынтымақтастықтың әртүрлі тетіктерінде белсенді қосбасшылық танытып келеді. Қазақстан Корея Республикасының Орталық Азиядағы ең алғашқы сауда және инвестициялық әріптесі. Елдеріміз арасындағы дипломатиялық байланыстар орнаған 30 жыл ішінде біздің қатынасымыз тек қана достық пен ынтымақтастыққа негізделді. Тіпті пандемия кезінде де біз барлық деңгейде сырттай байланыс орнатып отырдық. Қазақстан — Кореяның «Жана солтүстік саясат» мемлекеттік стратегиясында аса маңызды әріптес. Біздің өзара ынтымақтастығымыздың әлеуеті мұнымен де бітпейді деп есептеймін, — деді Оңтүстік Корея Президенті.

— Корей халқының Қазақстан халқына деген ықылас-пейілі ерекше. Біз үшін Қазақстан Еуразия құрлығының орталығы болып саналады. Біздің халықтарымыздың тарихи байланысы сонау Ұлы Жібек жолынан тартып, кейінгі этникалық корейлерді Қазақстанға жер аударумен жалғасты. Біз Қыыр Шығыстан жер аударылып барған корейлерді өзінің ыстық құшағын жайып қарсы алған қазақ халқының кен пейілдігін ешқашан ұмытпаймыз, алғысымыз шексіз, — деді Оңтүстік Корея Президенті.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша, мемлекеттер басшыларының қатысуымен бірқатар екіжақты құжатқа қол қойылды.

Мен жастарға сенемін!

Жиырма жыл ішінде Jas Otan Жастар қанаты еліміздегі жастар саясатының іргетасына, талай бастаманың ұйтқысына айналды. Мыңдаған азаматтар үшін әлеуметтік лифт болды. Бүгінде Jas Otan қатарында 106 мыңнан астам жігерлі жас бар. Еліміздің әр облысында жастар ұйымы белсенді қызмет атқарады. Jas Otan Жастар қанатының баспасөз қызметі хабарлағандай, өткен аптада еліміздің әр облысында Жастар күніне орай ұйымдастырылған атаулы шара өтті.

Маңызды кездесулер Қызылорда мен Алматы қаласындағы белсенді жастардың қатысуымен ұйымдастырылды. Қызылорда қаласында өткен салтанатты жиынға пандемия кезінде енбек еткен медицина қызметкерлері, мектептің жас мамандары, облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының қызметкерлері, төтенше жағдайлар басқармасының мамандары мен БАҚ және жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Кездесуде Қызылордадағы Nur Otan партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов сөз алып, жастарды мерекемен құттықтады:

— Бізде жастардың өз қабілетін жүзеге асыруына, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне араласуына, білім алуына және енбек етуіне барлық мүмкіндік жасалған. Бүгінгі таңда Сыр жастары

БОЛАШАҚТЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРЫ



Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз!

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

өздеріне қатысты мәселелерді ашық талқылап, шешу механизмдерін ұсынып келеді. Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы — әр азаматқа лайықты өмір!» сайлаудалы бағдарламасында да жастардың өмір сүру деңгейін көтеру, әлеуметтік ахуалын жақсарту және дамыту үшін мүмкіндіктерді кеңейту бойынша 100 нақты шара қамтылған. Әлем жұртшылығы жастардың алып күш иесі екендігін мойындап, олармен санасалды.

Сондықтан жылдың айтулы бір күнін арнайы жастар мерекесі етіп, күнтізбеде 12 тамыз — Халықаралық жастар күні ретінде белгіленді. Осыған орай, барлық жігері мен жалыны жанып тұрған жастарымызды мерекемен құттықтай келе, зор денсаулық, кемел келешек тілеймін!

Қызылорда қаласы №198 орта мектебінің мұғалімі Жасұлан Келімбетов Jas Otan Жастар қанаты ұйымдастырған «Жұмысшы жастармен жұмыс» жобасының белсенді қатысушысы екен. Ол: «Мен аталған жобаға тұрақты қатысып келемін. Біз үшін бұл түрлі саланың жастарымен танысып, идеямызды жүзеге асыратын алаңға айналды. Белсенділігім үшін алған марапатым маған екі есе жігер сыйлағандай. Бойымда жалын барда ел үшін қызмет етуге дайынмын», — дейді.

Әлеуметt⁰ ТҰЙЫҚ ШЕҢБЕР

Осы жұрт ештенеден қорықпайды. Былтырдан бері алқымнан алып, тынысты тарылтқан тәжтажалға да пысқырмайды. Әйтпесе, ақ халатты абзал жандар «екпе алды» деп жүйеге енгізіп, ақшаны сытырлатып санап ала ма? Ал енді тауып көр, кесел таратқыш екі аяқтыларды!

Олар да «чип салдырмай» алдап соққанына мәз. Құдды коронавируспен мәмілеге келгендей. Әлгі құжатымен анда-мында барып, көпшіліктің (*ең алдымен жақындарының*) өміріне қатер төндіретінінде шаруасы жоқ. «Анкаулар» вакцина салдыра берсін, бір жылдан кейін өледі де қалады» деп миығынан күледі. Жарайды, бұлар әлеуметтік желідегі антиваксерлердің қырық өтірігіне имандай сенген соң сондай қадамға барды делік.

Ал адам жанының арашасы атанған медицина қызметкерлеріне не жорық? Алғаш рет бір-екеуі ұсталғанда «басқаларға сабақ болды» деген үміт ақталмады. Керісінше, сауда қызған сияқты. Рас-өтірігін қайдам, қазір ел арасында «екпе салғандардың жартысы құжатты сатып алды» деген сөз желдей еседі. Оны анықтайтын кім бар?

Бізде жалған құжат жасағаны үшін қылмыстық жаза қолданылады. Дайындаған адам төрт жылға бас бостандығынан айырылады. Пайдаланған адам 40 тәулікке қамалады. Оған қоса, пара беру және пара алғаны үшін жаза тағы бар. Бүгінгі күні қылмысы әшкереленген медқызметкерлерге қатысты тергеу жүріп жатқан көрінеді. Шынымен олар жазасын тарта ма, әлде солқылдақтық танытамыз ба? Олай дейтініміз, өткенде ғана «СК Фармацияның» бұрынғы басшысын ақтап алып, босатып жіберді емес пе.

Жалған құжат сатып алғандар жауапқа да тартылмайды. Қайта оларға кешіріммен қарап, қатесін түзеуге мүмкіндік беру керек деген ұсыныс айтылды. Коронавирус пандемиясына қарсы күрес жөніндегі азаматтық штаб вакцина төлқұжатын сатып алғандарға амнистия жариялауды ұсыныпты. Штаб мүшесі, медицина ғылымының докторы Вячеслав Локшиннің пікірінше, бұл ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін қажет. «Құжатты сатып алғандарға жойып жіберген вакцина құнын төлеп, екпе алуына жағдай жасалсын. Кінәсін өз аяғымен келіп мойындағандар қудаланбауы керек», — дейді Локшин.

Мұны Алматының бас санитарлық дәрігері құптайтын сияқты. Бекшин мырза «жалған құжат алғандар ендігі кезде вакцинаның ақшасын төлеген соң екпе жасатсын» дейді. Өйткені қазір вакцинаны өтірік салдырғандар не істерін білмей отыр екен. Олардың ақылы кіріпті-мыс.

Соңғы дерекке сәйкес, бүгінге дейін 5,7 млн адам екпе салдырса, оның 4 миллионы екі компонентін алған. Қызмет көрсету саласында, үлкен ұжымда жұмыс істейтіндер (*дәрігер, мұғалім, полицияны қоспағанда*) 1 қыркүйекке дейін екпе алуы тиіс. Осындай қамшылаудың арқасында қазір вакцина науқаны қарқынды жүріп жатыр. Бірақ жалған құжатты саудаға салған пысықайларға тосқауыл жоқ-ау. Ертегідегі басын шапса, орнына бас өсіп шығатын айдаһар сияқты. Мұндай лас әрекет шынымен жалғасып жатса, онда тұйық шеңбердің ішінде қалғанымыз қалған.

Гүлнар АХМЕТОВА

Жиында белсенді жастар Jas Otan Жастар қанаты қатарына қабылданып, алғыс хаттар мен төсбелгілер табысталды.

Қызылорда жастары белсенді мүшелерін марапаттап жатқанда, Алматы жастары Жастар күні мен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында, экологиялық тазалыққа шақыратын спорт түрі «плоттинг» (*жәй ғана жүгірмей, айналаңды тазарту*) өткізді. Спорттық жарысқа Алматы қалалық Jas Otan Жастар қанатының мүшелері, Волонтерлар лигасы, Жастар ресурстық орталығының еріктілері қатысты.

Аталмыш эко-акция Сайран көлінің жағалауында өтті. Санитарлық нормаларды сақтай отырып, экологиялық науқанға БАҚ өкілдері, 50-ден астам ерікті қатысты. Айта кету керек, бұл шара әдеттегіден өзгеше өткізілді. Жиналғандар топ-топқа бөлініп, көлдің айналасында шашылған қоқысты жүгіріп жүріп жинады. Осылайша ауқымды мәселелерді креативті ойлау мен жүзеге асыру арқылы шеше аламыз деген ойда ұйымдастырылған «плоттинг» спорт түрі жастарды салауатты өмірге шақырып қана қоймай, әсем қала Алматыны көркейтуге де өз септігін тигізді.

Жарыс соңында белсенділік танытқан топ мүшелеріне сый ретінде кітаптар табыс етілді. Шараға қатысушы жастар экологиялық тазалыққа шақыратын бұл спорт түрі «плоттингтің» жастар арасында ғана емес, қала тұрғындарының арасында да кең таралуын қолдайтындарын атап өтті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Суретті ұсынған Jas Otan Жастар қанатының баспасөз қызметі

Сұхбат

(Басы 1-бетте)

Жас qazaq: Бұған батыстан соккан боранның ықпалы зор дейсіз ғой.
Дандай Ыскақ: Қазір әлемде үлкен сілкініс жүріп жатыр. Ақпараттық соғыс, мылтықсыз майдан күннен-күнге бел алып барады. Әлем халықтарының бір-бірімен терезесі тең, қойы қоралас, ауылы аралас күн кешіп, мамыражай тірлікті бірге бөлісуіне осы Батыстың үлгісі орасан кесірін тигізіп отыр. Жаһандану деп жүрміз, сол жаһандануыңыз жұтып, жалмап барады.

Әл Фараби «Адамға не нәрсе пайдалы — сол адал, ал не нәрсе пайдасыз — ол арам» деген. Бұндай түсінік ислам дінінде де бар. Ал енді ненің адал, ненің арам екенін қалай айырамыз дегенде, мөлшерден асып, шамадан тыс жүктелетін болса, күштеп, сыналап енгізілген, адамның қалауынсыз, ыркынан тыс артылған нәрсе арам болып саналады. Әл Фараби әр заттың шегі, мөлшері болатынын, адам баласы сол мөлшерден асып кетпеуін меңзеп айтып отыр. Батыс қайтеді? Әлем халқын бір тілде сөйлетіп, бір өзі жусатып-өргізгісі келеді. Соған қалайда жету үшін өздерінің мүддесін сыналап болса да тықпалап әлек.

ӘЛЕМДЕ ҮЛКЕН СІЛКІНІС ЖҮРІП ЖАТЫР

Бұл күші басым ұлттың қауқары келмейтін ұлтқа тізесін батырудан шығып отыр.

Иран Ислам республикасының алтыншы президенті — Махмұд Ахмединежад. Профессор, көзі ашық, көкірегі ояу адам 2005 жылы президенттік таққа отырып, 2013 жылға дейін атқарды. 49 жасында президент атанған Махмұд Ахмединежад қайбір жылы Қазақстанға іссапармен келді. Баспасөз мәслихаты болып, бір журналист келіншек сауал қойды. «Құрметті президент мырза, сіз басқаратын елде ер мен әйелдің құқығы тең емес екен, әйелдерге жұмыс істейін десе, қызметке орналасқысы келсе, рұқсат жок екен, бұл демократияны аяққа таптағандық қой» деді. Қанша дегенмен



басалқы, оқыған-тоқыған сұңғыла адам емес пе, бірден ақталған жок. «Құрметті журналист ханым, сауалыңыз орынды, мен сізге айтайын, біздің елде ерке түзде би, әйел үйде би» деді. Сұрақ қоюшы әйел жым болды.

Батыс елдері басшыларының отбасылық өмірін зерттеп көріңіз. Көпшілігінің баласы жок бедеу. Олар бала сую дегенді білмейді, сезіне алмайды. Отбасы құру, некелі болуы дегенге ойланып-толанады. Өзінде жок сезімді олар қалай елінен көргісі келеді? Қыдырымпаздық қасиет, аралас некелі болу үрдісі батыста белең алғандықтан да бала сую, отбасының шырайын келтіру ұғымына үрке қарайтын болды. Соның зардабынан демографиясы нашар, халық қартайып барады. Соңғы жылдары Батыс елдерінде бала туу көрсеткіші төмендеп, керісінше, Азия мен Африка құрлығындағы мемлекеттерден, басқа да елден ауып барған халықтың өсімі өрлеп келеді. Өйткені олар отбасылық дәстүрлі құндылықты берік ұстанғандықтан да өркендеп отыр. Мәселен, Германияда жергілікті ұлт — неміс халқының өсімінен гөрі түріктердің туу көрсеткіші жоғары. Францияның Марсель қаласы, Қара теңіздің жағасындағы шаһар халқының алпыс пайыздан астамы арабар екен.

Жас qazaq: Отбасылық дәстүрлі құндылықты қолдан сусытып алып опық жеп жүргендейміз. Оған ажырасудың шектен тыс шарықтап бара жатқаны дәлел.

Дандай Ыскақ: Былтырғы жылы Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында ажырасу көрсеткіші 40 пайызға дейін көтеріліпті. Бір айда шамамен 100 жас отбасы неке құрса, соның ішінде 40 жаңуының түтіні тузу ұшпай, шаңырағы шайқалды деген сөз. Тағы бір қорқыныштысы, бедеулік бел алып барады. Ерлердің 35 жастан асканнан кейін белсіздігі басым, әйелдердің де 36-дан асканнан кейін бала көтеру мүмкіндігі тым әлсіз. Ұлттық дәстүрімізді сақтап қала алғанда ғана біз болашағымызға аландамаймыз. Ал енді Батысқа еліктеп олардың үлгілі, пайдалы ісін үйренуді емес, жаман әдетін ғәдетімізге айналдыруға ұмтылас, ұлт ретінде жойылуға өзімізді өзіміз итергеніміз.

Жас qazaq: Сіз еліміздің бас қаласы мен ірі мегаполисіндегі ажырасу статистикасын айттыңыз. Ал тұтастай алғанда, мемлекет мөлшерінде ажырасу көрсеткіші 30 пайызға жетіпті.

Дандай Ыскақ: Орталық Азия елдерінің ішінде Өзбекстанда ажырасу 18 пайыз, Қырғызстанда 12 пайыз, Тәжікстанда екі-ақ пайыз екен. Экономикалық қуаты жағынан Орталық Азияда Қазақстан қауқарлы мемлекет, әлеуметтік статусы бойынша басқа елдердегі халықтың тұрмысы бізден төмен. Мына дерекке мән беріңіз. Қазақстанда ғаламтормен қамтамасыз ету 80 пайыз екен. Өзбекстанда 38 пайыз, Қырғызстанда одан да төмен. Тәжікстанда тіпті ірі қалаларының өзінде ғаламтор жыпылықтап әрен тартатын көрінеді. Инновациялық технология дегеніңізден депен енген сайын батыстық ақпараттық соғыс күш алатыны, ұлттық құндылықтың тамырына құрт түсіріп, жегідей жейтіні осыдан көрінеді. Батыстық ақпаратқа көмілген сайын адамның ой-санасы да, таным-түсінігі де уланады.

Жас qazaq: Ұлттық болмыс-бітімі мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне ерекше мейірімін төгіп, қадірлеген ұлт қана биігіне көтеріледі ғой.

Дандай Ыскақ: Оны өмірдің өзі әйгілеп, дәлелдеп қойған. Ағылшындар XX ғасырдың басында 6 миллион болды. Алаштың арысы Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдулла, 6 миллионға жеттік» деп қуанғанда, ағылшындар да бізбен шамалас еді, жан саны жағынан. Олар ұлтты ұлы ету үшін әдебиеті мен мәдениетін, руханиятын жандандырды, соған басым көңіл бөлді. Нәтижесінде бүгінде ағылшындардың саны 60 миллионнан асты, әлемнің жиырмадан астам елінде ағылшын тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Тілін, ділін, мәдениетін өрістету арқылы ағылшындар өздеріне кенінен өріс ашып келеді. Экономикалық әлеуетін де тілін дамыту арқылы жақсартып отыр. Білім, ғылымға деген даңғыл жол ашылып, адам капиталы алдыңғы орынға шығып, державаға айналды.

Оңтүстік Корея — әлемде темір өндіріп, экспорттайтын бес елдің бірі. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында қаріс халқының жағдайы қалай еді? Дамуы тежеліп, Азия елдерінің ішінде артта қалған болатын. Білік басына әскери төңкеріспен келген Пак Жон Хи Германиядан несиеге ақша сұрайды. Екінші дүниежүзілік соғыстан тұралаған

өндірісін қалпына келтіруге жұмысшы топ жетіспейтін немістер қаржыны адам күшімен қайтарса ғана ақша ұстататынын айтады. Президент елінің ертеніне деп сұраған ақшаның өтеуін өтемекке адам қажет деп өз халқына сауын айтады. Отаншыл жастар алға шығып Германияға аттанады. Өрімдей жастар бір шақырым тереңдегі шахтада кен қазады, бойжеткендер медициналық мекемеде жұмыс істеп, өлген адамдардың мәйітін жуады, қысқасы, ен ауыр жұмысты көрістер істейді. Жергілікті немістердің күнделікті жұмыс уақыты 8 сағат болса, көрістер ешқандай да ақы алмай күніне 10 сағат еңбек етеді. Бірнеше жылда мемлекетке алған несиенің нормасын орындап, елдеріне қайтады. Немістерден несие алып, өндіріс ашқан көрістер өздерінің тауарын экспорттауға шығарады. Міне, сол ақшаның жемісін бүгінгі буыны көріп отыр. Мемлекетті аяғынан нық тұрғызатын ұлттық идеология екенін көріс халқы осылай дәлелдеп берді.

Жас qazaq: Биыл еліміздің отарлықтың қамытынан құтылғанына отыз жыл толады. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанымен де ана тіліміз әлі тұғырында емес.

Дандай Ыскақ: Менің «Тілдер тоғысындағы түркі әлемі» деген кітабым Германияның Берлин қаласында басылып шықты. Одан бөлек, «Тіл эпопеясы» деген еңбегімде де жаһандану процесінің тілді, ұлттық құндылықты жұттып, жаулап алуының қатері кенінен қамтылады. Ұлттың ұлттық болмысын жою үшін небір қитұрқы жоспарлар жүзеге асты, асып та келеді, әлі де жалғасы болатыны белгілі.

Тілі тапталған елдің рухы да төмендейді, рухы күшті елдің ұлттық әлеуеті көтеріледі. Елдің мықтылығы экономикамен өлшенеді. Экономиканы көркітетін адамның ақыл-ойы, миы. Ақыл-ойды дамытатын, танымын ашатын ол — білім, білімге бастайтын баспалдақ — тіл. Тілді дамыған елдің адами капиталы қуатты, экономикалық әл-ауқаты күшті болады.

Жас qazaq: Әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың мектеп бітірген қызының орнына ұлттық бірыңғай тестілеуге басқа адамның кіруі үлкен дүмпу туғызды. Жемқорлықтың құрты білім, ғылым саласының да өзегіне ұя салып алғанын осы оқиға тағы да дәлелдегендей.

Дандай Ыскақ: Сүлеймен Демирел атындағы университетте 8 жылдан астам ректордың оқу ісі жөніндегі проректоры болып жұмыс істедім. Түрік елінің білімі мен ғылымында жемқорлық, паракорлық жок деуге болады. Өйткені адамның ақыл-ойын ақшаға сатып алудың арты үлкен қасіретке ұрындыратынын білетін ақылды халық қой. Білімді «инемен құдық қазғандай» еңбектену арқылы жинайтынын жете түсінетін жұрт. Ал бізде, міне, тағы бір мысал. Мұндай фактілер жыл сайын болады. Тек Қабатовтың есім-сөйіс елге жыға таныс болғандықтан да шаны көтеріліп жатыр. Жемқорлықты, паракорлықты жоймай, тамыр-таныстықпен тірлігінді шешу ісін тоқтатпай ұзаққа бармаймыз. Ұлттық бірыңғай тестілеуде ғана емес, білім саудасы диплом сатуда, ғылыми еңбек жазуда, тегін гранттарды таратуда да қызды бізде. Балтық жағалауындағы елдерде баланың біліміне орай баға қояды. Білмейсін бе, көтермелеу жок. «Басқа салада демеп жіберуге, жетекке алуға жарайтын шығар, ал білім мен ғылымда мұндайға бару — ұлттың тамырын қурату» дейді екен оқытушы мұғалімдер. Білімнің қандай биік, қандай қастерлі саналатынын түсінген халық қана осындай ұстанымнан айнамайды.

Жас qazaq: Уақыт тауып сауалымызға жауап бергеніңізге рақмет айтамыз.

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Өлді деуге сыя ма...

ҚОШ, СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ...



Қазақ журналистикасының тағы бір жұлдызы ақты. Амангелді Сейітхан деген есім-сой эфирден берілгенде қазақ қоғамына футболдан 1998 жылы Францияда өткен әлем чемпионаты алдымен елестейді. Өйткені ол тәуелсіз Қазақ елінің тарихында тұңғыш рет футбол матчын қазақ тілінде, ана тілімізде жүргізді. Амангелді — қазақ комментаторлығын өнер деңгейіне көтерген журналист, талай шәкіртті тәрбиелеген тұтас бір мектеп еді. Шығармашылық адымын алғаш айтыс өнерінен бастап, синкретті жанрдың сан қырын меңгерген арда ұл сара сөздің сары балдай тұмасын комментаторлық салаға қарай бұрып, қазақ тілді көрерменді сусындатты. Қазақ елі енді «жеңісті күндерде жолыққанша» деп сөзін тәмамдайтын талантты ұлын сағынышпен еске алады.

Амангелді Сейітхан Jas qazaq газетінде де жемісті еңбек етіп, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленіп еді.

Ердің жасы елуден енді асқанда қатерлі кеселден көз жұмған аяулы әріптесіміздің қазасына қайғырып, марқұмның отбасына, ағайын-туысына, дос-жарандарына көңіл айтамыз.

Jas qazaq газетінің ұжымы

ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ АЯУЛЫ ҚЫЗЫ!



Сұм ажал Айнұрды да алып кетті. Күні кеше жан-жағына шуақ шашып, мейірімін төгіп жүрген абзал жан енді арамызда жоқ дегенге сенгің келмейді. Айтуға ауыр, қабырғаны қайыстырар қатыгез қайғы.

Айнұр Сыдыкова аяулы ана, асыл жар, білікті маман еді. 1994 жылы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін әлеуметтану мамандығы бойынша тәмамдап, 2004 жылы сол оқу ордасында саясаттану ғылымы бойынша кандидаттықты қорғады. Ол қандай қызметте болсын, бұқарамен байланысуда мәні ерекше жантау, яғни психология ілімін терең зерттеді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген тәжірибелі маман болатын. «Қазақстан КаспийШельф», АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінде, өмірінің соңына дейін «Шеврон» компаниясында қызмет етті.

Ғұмырының жиырма жылға жуық уақыты бұқаралық ақпарат құралдарымен біте қайнасты. Айнұр отандық журналистиканың, әсіресе, Қазақ баспасөзінің жанашыр досы, қолдау-көмегін аямайтын қадірлі қамқоршысы болатын. Елшілікте қызмет етіп жүргенде түрлі бағдарламалар арқылы тілші ағайынның әлемді аралауына, жер көруіне ықпал етті. Соның арқасында журналистиканың жолсапар, мазасыз аймақтардан жүргізілетін репортаж жанры өркен жайды. Ол мақала мен телевизиялық дүниелерді жан-жақты зерттеген, пәтуалы бағасын бере алатын медиа сарапшы еді. Бұған 2005 жылы Айнұрдың тікелей мұрындық болуымен АҚШ-та «Америка мұсылмандары» атты деректі фильм түсіргенде көзіміз жеткен. Сол кезде фильмнің сәтті шығуы үшін ақыл-кеңесін аямап еді.

Аяулы жанның Қазақ газеттеріне жасаған зор жақсылығы - «Шеврон» компаниясының қаржылай қолдауымен түрлі санаттағы азаматтарды мерзімді басылымдарға жаздыруы. Осынау озық тәжірибе өзгелерге үлгі болды.

Айнұр Jas qazaq газеті мен сайтымыздың жақын да жанашыр досы еді. Бүгінгі тілмен айтқанда, креативтік бірқатар жобалардың дүниеге келуіне ұйытқы болды. Мүмкіндігі шектеулі жандарды шығармашылыққа баулу мақсатымен жүзеге асқан «Бәріне ортақ журналистика» атты жоба да Айнұрдың төл туындысы деп айта аламыз. Jas qazaq пен «Шеврон» компаниясының бірлескен жобасы шеңберінде жазылған мүмкіндігі шектеулі жандардың тырнақалды дүниелері газетіміздің әр санында жарияланып келеді.

Енді арамызда Айнұр жоқ дегенге сене алар емеспіз...

Қош бол, Қазақтың аяулы қызы! Алла алдыңнан жарылқасын!

Jas qazaq газетінің ұжымы марқұмның отбасы мен туған-туыстары, «Шеврон» компаниясындағы әріптестерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Билім

Биылғы оқу жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бір ғана Шымкент қаласында Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы және арнайы түзілген «Жол картасы» аясында 66 881 орынға арналған 98 мектеп салынған. Осы жылдары дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мектептер, Назарбаев Зияткерлік мектептер желісі құрылып, білім беру ұйымдарының 85 пайызына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл оқушылардың сапалы білім нәрімен сусындауына жол ашары анық.

Биыл республикалық олимпиада нәтижесі бойынша Шымкенттің 6 білім ошағы Қазақстанның үздік 100 мектебінің қатарына қосылды. Олар — ер балаларға арналған Білім-инновация лицей-интернаты, химия-биология және физика-математика бағыттарындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері (*НЗМ*), Абай атындағы №90 мектеп және М.Х.Дулати атындағы №8 мектеп-гимназиясы. Біз Назарбаев зияткерлік мектептерінде оқи жүріп, олимпиада жүлдегері, шетелдік университеттердің грант иегері, үздік және өнертапқыш атанған оқушылар туралы жазбақып.

Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2013 жылдың 25 ақпанынан бастап өз жұмысын бастады. Зияткерлік мектептің негізгі мақсаты — сапалы біліммен қамтамасыз ету, оқу процесіне инновацияны енгізу, педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру. Мектептің өсіп-өркендеуі мен үздік білім ордасы болып қалыптасуына зор үлесін қосқан тұңғыш басшысы Балқан Маратұлының еңбегі ерен екенін айтпай кетуге болмас. Биыл Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры болып Қайырбек Сәбитұлы Бұқсұқбаев тағайындалды.

Биыл аталмыш мектепте 92 түлек алтын ұя — мектебімен қоштасты. 92 түлектің 11-і үздік аттестатпен мектепті тәмәмдаса, 3 түлек алтын белгі иегері атанды.

ЕРКЕБҰЛАН ТАЗАБЕК – «EGEO 2021» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

Таяуда ғана еліміздің оқушылары Халықаралық олимпиадада 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль жеңіп алды. Зияткерлік байқауға әлемнің 46 елінен 200-ге жуық оқушы қатысыпты. Ел атынан Ақтөбе, Шымкент және Қызылорда қаласынан 4 оқушы білімін сынады. Ұлттық құрама сапында

Рүстем Валеев алтын, Еркебұлан Тазабек күміс, Ерасыл Сапарбеков қола медальды иеленді.



Шымкенттегі ХБН NIS-тің 10-шы сынып оқушысы Еркебұлан Тазабек ел намысын аркалап Еуропаның халықаралық «EGeo — 2021» олимпиадасына атсалысты. Жұлделі 2 орынға қол жеткізді. Халықаралық олимпиада онлайн ұйымдастырылды. Халықаралық география олимпиадасы (*EGeo*) — 16 мен 19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасындағы жыл сайын өткізілетін, бүкіл әлемнің оқушылары қатысуға мүмкіндік алатын география пәнінен өтетін жарыс. — Олимпиадаға қатысушылар — өздерінің ұлттық география олимпиадаларына қызығушылықпен қатысатын мындаған оқушылардың ішінен тандалған үздіктер. Бұл жылы аталмыш байқауға еліміздің атынан тек 3 оқушы ғана қатысуға мүмкіндік алды. Соның бірі — біздің мақтанышымыз Еркебұлан Тазабек. Онымен қоса, ұлттық құрама сапына іліккен Еркебұлан жалпы білім беретін республикалық олимпиаданың 2 орын иегері, — дейді оның жетекшісі Ақбөпе Жаманқұлқызы.

ЕРАСЫЛ КЕҢЕС – AITU ICODE ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

12 «С» сынып оқушысы Ерасыл Кеңес AITU iCode олимпиадасына қатысып, Astana IT University оқу орнына үш жылдық грант жеңіп алды.

Олимпиаданың басты мақсаты — технология саласының үздіктерін анықтау және



оқушылардың бұл салаға деген қызығушылығын ояту.

Олимпиада ережесі бойынша 6 сұрақтың 4-не дұрыс жауап берген қатысушы ІІІ орын иеленіп, Astana IT University-нің 3 жылдық грантына ие болады.

Ал ІІ орын 5 сұраққа дұрыс жауап берген қатысушыға бұйырса, 6 сұраққа жауап берген

қатысушы І-ші орынды иеленіп, Astana IT University оқу орнының толық грантының иегері атанады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға мектеп атынан 10 оқушы қатысып, оның алтауы жұлделі орындарға ие болды.

Бұл жылғы олимпиада пандемия жағдайын ескере отырып, «Ustudy» орталықтары негізінде электрондық форматта «бір тестіленуші — бір компьютер — бір камера» қағидасы бойынша ұйымдастырылды.

Биылғы оқу жылында республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 1 миллионға жуық бала қатысқан. Соның ішінен ақтық мәреге Қазақстанның барлық өңірінен 1500-ден астам қатысушы бақ сынады.

Аталған олимпиадада өз білімдерін қай форматта тапсырса да, дәлелдей білген ХБН NIS шәкірттері жарап тұр!

Сонымен олимпиада қорытындысы бойынша:

Румайса Сертай — республикалық олимпиаданың алтын медаль иегері. Жетекшісі — Қарлығаш Таскынбаева; Әрсен Сыдыков — республикалық олимпиаданың география пәнінен күміс жүлдегері. Жетекшісі — Мөлдір Жүнісова; Еркебұлан Тазабек — республикалық олимпиаданың күміс жүлдегері. Жетекшісі — Ақбөпе Жаманқұлова;

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ӨРЕНДЕР



шақырту алған 24 студенттің бірі. Жалпы оқуға түсуге тілек білдіруші талапкерлердің саны 700-ден асқан. АҚШ-тағы ЖОО-ның екінші гранты да Әзизбектің еншісінде — ол Нью-Йорк университетінің толық грантын иеленді. Жас түлек өзінің болашағын саяси сараптама саласымен сабақтастырады.

— Саяси сараптамашы негізінен басқару процестерімен, дәлірек айтқанда, экономикаға немесе әлеуметтік салаға қатысты басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етумен айналысады. Мен халықаралық қатынастар факультетіне түскендіктен, болашақта Қазақстанның атынан басқа елдермен саяси келіссөздер жүргізетін боламын, — деп сенімді түрде өз ойын жеткізеді ол.


Нью-Йорк университетінің Әбу-Дабидегі (БАӘ) толық грантына ие болғандардың тізімінде 12-сынып оқушылары Асылбек Сәдуақасов пен

Ернар Бекбаш бар. \$320,000 көлеміндегі грант студенттің академиялық бағдарлама бойынша оқу, ұшу, шетелдік сапарлары, кампуста тұру және тамақтану, медициналық сақтандыру, жеке шығындары мен кітаптар және басқа да көптеген шаралардың шығынын өтейді.

SpaceX, Amazon, Goldman Sachs, McKinsey & Company, Google сынды ірі компанияларда жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін университетке түсу талаптары қатан. Академиялық білім үлгерімінен бөлек, оқушының эссесі мен ұстаздардың ұсыныс хаттарына ерекше мән беріледі.

Ернар инженерлік салаға қызығатынын айтып, ой бөлісті:

— Бала кезімнен математиканы жақсы көрдім, мектеп олимпиадаларына қатыстым. 7-сыныпта физика пәнін оқи бастағанда, осы пәнге қатты қызықтым. Түрлі тапсырмаларды орындап, тәжірибелер жасай бастадым.



Осы пәндермен байланысты мамандық таңдағанда инженерлік салаға тоқтауым керек деп шештім. Мұның өзі көпсалалы болғандықтан, әлі нақты бір саласына тоқтаған жоқпын. Дегенмен инженер-механик пен азаматтық инженерия арасында таңдау жасаймын, — деді ол.

«ЕЛБАСЫ МЕДАЛІН» ИЕЛЕНГЕНДЕР

Биыл алғаш рет Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміздегі жастарды қолдау мақсатында «El Umiti» бастамасы мен «Елбасы медалі» бағдарламасы жүзеге асты. Белсенді, шығармашыл және талантты жастар 7 бағыт бойынша 6 ай көлемінде өз дағдыларын шындап, білімдерін кеңейтті. Жобаны сәтті аяқтағандағандардың



қатарында НЗМ оқушылары Акерке Қалдыораз, Теміршін Қантөміров пен Бекжан Аманбек бар. Олар спорт, кітап оқу, ұлттық мұра, дағдыларды

дамыту, волонтерлік қызмет, туған өлкені зерттеу және еңбек тәжірибесі салаларында шыңдалған.

Әрбір бағыттың тиісті деңгейде меңгерілуіне бағдарлама бойынша апта сайын бір-бір сағаттан берілгенімен, Акерке бұл уақыттың азық ететінін және уақытты тиімді жоспарлау арқылы көп нәрсе үйренгенін айтты:

— Бұл бағдарлама маған не берді десеніздер, «Дарындар мен дағдылар» бағыты бойынша 3D тах бағдарламасын қолдануды үйреніп, осы қосымша арқылы 3D модельдер жасай бастадым. Аптаның үш күнінде жүгіретін болдым. Көпбалалы отбасылардағы оқушыларға үй тапсырмаларын орындауға, сабақ жасауына көмектестім. Қазір оған дейін білмеген ұлттық тағамдарды әзірлей аламын, — деді.

АВТОНОМДЫ РОБОТ ЖАСАҒАН БАЛА

Тимур Сапаев В.И.Вернадский атындағы Бүкілресейлік жасөспірімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының жүлдегері атанып, І дәрежелі дипломмен марапатталды. Тимур осы байқауға «Ашық алаңдар мен ғимараттардағы қалалық ауаны бақылау және тазартуға арналған күн батареяларымен жұмыс істейтін мобильді автономды боттарды қолдану» атты жұмысын ұсынған. Автономды «ОХУВОТ» роботын жасаған. Боттың жұмыс процесі келесідей:

— 3 жағында орналасқан «танаудың» арқасында бот ауаны лаптаушы көздің бағытын анықтайды және сол бағытқа қарай қозғалады; — ауаның ластану деңгейі жоғары болған кезде автоматты түрде ауаны сүзудің басты қозғалтқышы қосылып, ауаны тазарта бастайды; — «ОХУВОТ» әр 15 секунд сайын серверге ауаны талдау деректері мен орналасқан аймағы туралы ақпаратты жібереді; — осылайша боттардан алынған барлық дерек серверде өңделіп, нақты уақыт режимінде ауа сапасының динамикалық картасы жасалады. В.И.Вернадский атындағы Бүкілресейлік жасөспірімдердің ғылыми-зерттеу байқауы — қашықтан күндізгі кешенді білім беру бағдарламасы, әрі Ресей мен әлемнің түрлі аймақтарындағы білім беру мекемелері, оқушылар, мұғалімдер мен ғалымдардың бір-бірімен байланыс орнатуына бағытталған. Биылғы XXVIII байқауға барлығы 1323 жұмыс ұсынылған болатын.

Жас зерттеушінің еңбегі «Caspian start-up — 2021» халықаралық байқауында да көзге көрініп, үздік 10 жобаның қатарына кірді. Биыл 8-сыныпты тәмамдаған оқушы Атыраудағы мұнай-газ университетінің грантына ие болды.

ИДЕЯЛАР ФЕСТИВАЛІНДЕ ТОП ЖАРДЫ

Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары Бөрте Құрбанбай, Жібек Әлиакбар, Әлизра Әбдіқадыр және Аида Маликова «U:hack» идеялар фестиваліне қатысып, соның аясында 24 сағаттың ішінде мектеп жасына дейінгі және мектеп оқушыларына қазақ тілін үйрететін онлайн-медiateканы жасап шығарды. Олар әзірлеген «Ynta» жобасының мақсаты — қазақ тіліндегі медиа-файлдар, кітаптар мен фильмдер арқылы мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін үйренуге қызықтыру.

Платформаның негізін қалаушылардың бірі Б.Құрбанбайдың айтуынша, жобаның идеясы — фильмді немесе сериалдың эпизодын қарау кезінде, подкаст немесе аудиокітапты тыңдау барысында мәтіндегі беймәлім сөзді белгілеп, сол сөздің мағынасын, орыс және ағылшын тіліндегі аудармасын, синонимдерін және сөйлемде қолдану мысалын табу арқылы қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық қолданысын кеңейту. Бұл үшін сайтта беймәлім сөздің мағынасын көрсету және сөздікті толтыру функциялары қамтылған. Сондай-ақ қазақ тіліндегі контенттің жетіспеушілігі, қазақ тіліне аударылған әлемдік әдебиет пен әлемге әйгілі фильмдердің шектеулі тізімі мәселесі де қыздардың жобасында көрініс тапты. Бұл мақсатта қыздар әуесқой және кәсіби аударма, сондай-ақ дыбыстау мамандарымен ынтымақтастық орнатуды ұсынаған.



Ә.Әбдіқадыр: «Біздің жоба — әрі танымдық, әрі қызық контенттің симбиозы. Өз бетімен тіл үйренудің қаншалықты қиын екенін біріміз білеміз. Сондықтан тіл үйренуде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өзіне қызықты нәрселерді қараған жөн», — дейді.

«U:hack» — инновациялық идеяларды іске асыруға арналған идеялар аланы. Фестиваль аясында командалар 24 сағат ішінде ұйымдастырушылар берген тапсырмалардың оңтайлы шешімін тауып, оны жан-жақты ойластырып, өз жобасын ұсынады.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы

Геосаясат

ХІХ ғасырдың 80-ші жылдары. Таудың еркіндік сүйгіш ер халқын екі жүз жыл бойы бағындыра алмаған британ империясы сол заманның ең жойқын қаруы – даму жетістігіне жүгінеді. Сол мақсатпен Қабыл шаһарына дейін теміржол тартуға кіріседі. «Темір Әмір» атанған ел билеушісі Әбдурахман ханды осыған көндірмек боп түрлі қоқан-лоққы жасайды, «көп ақша береміз» дейді. Таң қалдыру үшін жартасты тесіп, салынған жолды (туннель) көрсетеді. Мұндай кереметтен қандай әсер алғанын сұрайды. Ағылшындар сол арқылы өздерінің тау халқынан көш ілгері екенін паш еткісі келді.

Әбдурахман ханның сондағы айтқаны: «Егер өткір қанжарыммен арқанызды тесіп, тілгілеп әдемі ойық жасасам, менің бұл өнеріме сіздің тәңгі болуыңыз екіталай». Мұның астарында ешкімге бас имеген ауған саясатының сипаты байқалады. «Қазір сендер күштісіңдер. Бірақ ту сыртына пышақ тақалғанда, өзінді қоярға жер таппассың» деген Темір Әмір. Ұлыбритания ауған топырағына табан тірей алмай, ақыры кетіп тынды. Бірақ ағылшынның ашы тәжірибесі бір ғасырдан кейін жана өріс іздеп, жан-жағына көз алартқан алпауыттарға сабак болмады...

Кездейсоқтық шығар, бөлкім. Дегенмен күнтізбедегі он бес санының ауған елінің тарихында орны айрықша. 1986 жылғы 15 ақпанда кеңес жауынгерлері кетті. Арада 35 жыл өткенде, 15 тамызда Америка бастаған Батыс елдерінің әскері мен дипломаттары елдің бұрынғы басшысы Хамид Карзайдің есімін иеленген әуежайға асығыс жиналды. Елшілік ғимаратының төбесіне қонған тікұшаққа мініп жатқандар Сайгонды еске түсіреді. Жарты ғасырдай бұрын американдықтар Вьетнамнан осылай кеткен еді.

Сол күні американдықтар құрған қуыршақ үкімет құлап, президент Әшраф Ғани «жан сауға» деп шетке қашты. Құр қол емес, әрине. Қап-қап ақшаны ұшаққа лықа толтырып әкетті. Сыймағаны сол жерде қалды деседі. Кетерінен бірер сағат бұрын «Ел үшін, жер үшін жаным пид» деген Әшраф Ғани қазір Оманда саяси баспана сұрап жүрген көрінеді.


Ал ертеніне күллі әлем Қабыл әуежайындағы жантүршігерлік қасіретке куә болды. Жатжұртқа жетуге ұмтылған мыңдаған бейбақ ұшу алаңында тұрған ұшақтарға лап қойды. Бір-бірін таптап, езіп-жаншығандар. Аспанға оқ атылды. Он шақты адам көз жұмды. Әуе кемесінің дөңгелегіне жармасқандар биіктен құлап, мылжасы шықты. Жолы болған 640 ауған бір жүк ұшағының еденіне отырып, бұлыңғыр болашаққа аттанып бара жатты.

Сарапшылар ауған еліндегі астан-кестенді Талибан қозғалысына қарасты қарулы жасақтың найзағай жылдамдықпен уәлаяат орталықтарын бірінен соң бірін алып, бас шаһар Қабылға келуімен байланыстырады. Мұны күтпеген өзгеріс деуге келмес. Өйткені американдықтар былтырғы тамызда тәліптермен келіссөз жүргізді. Тіпті Қатар мемлекетінің астанасы Дохада Талибан өкілдігінің ашылуына да рұқсат



берілді. АҚШ президентінің арнайы өкілі Залмай Халилзаттың күні кеше тәліптердің жоғары лауазымды өкілі Абдул Ғани Бәрәдәрмен жүздесіп, американдықтардың ауған жерінен кетуіне қатысты мәселені пысықтағаны да күні кеше. Көптеген уәлаяат билігінің Талибанға соғыссыз беріліп, үкімет әскері қолданған қисапсыз американдық қару-жарағы мен қымбат әскери техниканың мүжәһидтерге оңай олжаға айналуы да тегін емес. Миллиондаған доллардың дүниесі қалып бара жатқанына, әсіресе, бұрынғы президент Трамптың іші ашитын сияқты. Ол «Түзу бір шегені де қалдырмас едім» дейді сын салағын соңғы сайлаудағы қарсыласына кезеп.

Американдықтарды кетуге мәжбүр еткен себеп өлім-жітімнің көбеюі немесе Батыс демократиясының ауған топырағын жерсінбеуі емес. 2001 жылдан бері мұнда АҚШ-тың 3,2 мың жауынгері окқа ұшты. Бұл 7 жылда 13 мың әскерінен айырылған Кеңес Армиясының қаралы



миллиондар бөлген көрінеді. Ал семинар мен тренинг өткізгіш түрлі бейресми ұйымдар, құқық қорғаушылар мен белсенділерге қанша ақша жұмсалғаны олардың өздеріне ғана аян.

Америка Құрама Штаттарының әлемдегі ең бай ел екені белгілі. Дегенмен Вашингтондағылар қисапсыз қаржы мен мол ресурстың өзі мәдениеті һәм менталитеті мүлде өзге өлкеде Батыс құндылықтарын орнықтыра алмайтынын, қалың бұқараға емес, ат төбеліндей шоғырға арқа сүйеп, түпкі мұратқа жете алмайтынын түсінгендей. Содан болар, Сэм ағай әскерін Бабыл өлкесінен (Ирак) де әкетпекші. Жат жұрттағы жауынгерді әкетуді құптамайтындар да баршылық. Қарша бораған қатқыл мәлімдеме, ашу-ызаға толы сыни пікірлер соның айқын дәлелі. Осы орайда қауіпсіздігіне қоса, шат-шадыман тіршілігі үшін Америкаға қарыздар Еуроодақ елдеріндегі қайсыбір саясаткерлердің Ақ үй әкімшілігін сынауы тілгі орынсыз.

Соғыстан соқтасы шыққан, қырық жыл бойы қантөгіс пен қайғы-қасірет хакім болған өлкені келешекте не күтіп тұр? Тап басып айту қиын. Ақпарат кеңістігі мен әлеуметтік желіде таусылмайтын тұжырым, бітпейтін болжам. Шындыққа жанаспайтыны, қисынға келмейтіні де жетерлік. «Қарулы содырлар мен босқын нөпірі лап қояды» деп үрей шашуға тырысқандар да табылды. Еліміздің сыртқы саясат мекемесіне «Шымкентке екі мыңдай ауған азаматы келді» дейтін ақпаратты жоққа шығаруына тура келді. Біз осы елдің өткені мен бүгінін жете зерттеген, «Ауған түйіні және Орталық Азиядағы қауіпсіздік проблемалары» (1993), «Ауғанстан тарихы» сияқты аса құнды еңбектердің авторы, танымал тарихшы һәм саясаттанушы Сұлтан Әкімбековтың пікіріне жүгінуді жөн көрдік. Ол Талибан қозғалысының жаппай рақымшылық жариялап, ешкімнен өш алмайтынын, әйел затының білім алу, еңбек ету құқығы шектелмейтінін мәлімдеуін былай түсіндіреді: «Расында тәліптердің қазіргі іс-әрекетін ұстамды деуге келеді. Бұл билікті алғанша. Содан кейін негізгі қарсыластарын қарусыздандырады. Саяси үрдістің қалай өрбитіні сол кезде көрінеді. Екінші бір мәселе – сыртқы күштер арасында тәліптерге қатысты белгілі бір мәміле бар. Әрине, мұны тежеуіш фактор деп есептеген жөн».


Сонымен қатар, американдықтар кеткен соң пушту, өзбек, тәжік, хазар, исмайылшылар сияқты елдегі ұлттық және діни қауымдар арасындағы желгі бақталастық пен текетіретің қайта бас көтеруі де ғажап емес.

Білікті де білімді маманның пікірінен түйгеніміз, Ауған түйінін шешуде сыртқы күштердің рөлі шешуші мәнге ие. Өйткені қырық құрау елдің өсіп-өркендеуі бейбіт тіршілікке тікелей байланысты. Бұл ұлттық экономиканың дамуына, шетелдік инвестицияның келуіне кеп тіреледі. Сондықтан жана билік ғаламдық қауымдастықпен қалайда тіл табысуы қажет. Ықылас-ынта табылып жатса, Ауғанстанға алпауыт компаниялар қаржысын алаңсыз салса, мұнай, мыс, және темірдің мол қоры игеріліп, Үнді мұхиты арқылы әлемдік базарға төте жолмен апаратын Транс – Ауған, ТАРІ (Түрікменстан – Ауғанстан-Пәкістан – Үндістан) секілді өте тиімді өткел (транзит) жобалардың мекеніне айналар еді. Зобалаң зорлықтан, қаттығыс-қырғыннан қажыған халық қаруды тастап, күрек ұстар еді.

Тек жалғыз өрісті жүйеден көп өрісті дүниеге көшіп жатқан ғаламшардағы бір-бірімен бәсекелес алыптар, өз өңіріндегі тегеурінді күшке айналған түрлі мемлекеттер осы процеске кедергі туғызбаса.

Срайыл СМАЙЫЛ, саяси шолушы

АУҒАН ТҮЙІНІ



көрсеткішінен төрт есе кем. Ал қаржылай шығын шаш етекпен. Кейбір деректер бойынша, 1 триллион доллардан асады. Тек ауған әскерін жасақтап, жауынгерлік қабілетін арттыруға 90 миллиард доллар жұмсалған. АҚШ президенті Жозеф Байден Қарулы Күштердің барлық қажеті өтеліп, берік әуе қорғанысы жүйесі құрылғанын, тіпті жауынгерлер мен тәртіп сақшыларының жалақысына дейін төлегендерін айтады. 300 мың қолдың өзінен төрт есе аз тәліпке неге төтеп бере алмағанын айта келе, ең бастысы, «әскерге соғысуға деген жігер мен құлшынысты беру мүмкін емес қой» дейді.

Осы арада ел мен жерге қызмет ету сияқты қасиетті ұғымды да ақшамен бойға сіңіру мүмкін емес екенін айтқан жөн. Күні кеше мұхиттың арғы жағынан келген қаржыға құрылған мемлекеттің майлы жілігін ұстап, жақсылығын көрген мыңдаған шенеунік, әскери қызметкер, зангер, аудармашы, тағысын тағылар туған топырақты тәрк етуге асық.

Американ билігі Ауғанстанды демократияландыру үшін бармағанын, басты мақсат жер-жерде тыйым салынған «Әл Каида» ұйымын жою болғанын алға тартады. Көптеген сарапшылар мұндай пікірмен келісе қоймайды. Оларға салсақ, 2001 жылғы 11 қыркүйектегі әуе шабуылын ұйымдастырды деген әлгі ұйым да, Ұсама бин Ладин де көп өтпей тіршілігін тоқтатқан. Есесіне, әлеуметтік желіні кезіп жүрген дерекке жүгінсек, американдықтар ауған жерінде феминизм тамыр жайсын деп

ФОТОШОҚ



ҚАБЫЛ ӘУЕЖАЙЫ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Кәсіпкерлер

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН
ЖАЗ ОЙЛА

Бүгінде кәсіптің үлкен-кішісі жоқ. Көзін тапсаң, көрер табысың да мол. Тек қажырлы еңбек пен іскерлік қажет. Түркістан облысы Ордабасы ауданы Көктөбе ауылының тұрғыны Досхан Жолдыбаев ерекше кәсіп бастап, ауыл жұртына үлгі болуда. Бау-бақша өсірумен айналысатын жігіт бүгінде алған өнімін ұқсатудың жолын тауыпты. Ол көкөністі консервілеуді қолға алып, ауылдағы жұмыссыз қыз-келіншектерді жұмысқа тартыпты. Биыл 10 мың құты жабуды көздеп отыр.

Біз Досханға хабарласып, кәсібінің қыр-сырымен бөлісугін сұрадық. Іскер жігіттің айтуынша,

бау-бақша өнімдері арзанға сатылып, тіпті өтпей ысырап болып жатады екен. Досхан сол ысырапты болдырмау мақсатында, консервілеуді қолға алғанын айтады. «Бейнетпен өсірілген өнім кейде арзанға өтеді, тіпті өтпей бұзылып кететіндері де бар. Осыған жол бермеу үшін алынған өнімді сақтаудың жолын іздедім. Былтыр 1000 құты жауып, сатып көрдім. Нәтижесі жаман емес. Биыл бизнес-жоспарымды ұсынып, аудандық кәсіпкерлік бөлімі ұсынған мемлекеттік грантты алдым. Енді ауылдағы 3 келіншекті жұмыспен қамтып, дайын өнімнің санын 10 мыңға жеткізуді көздеп отырмыз», — дейді.

Міне, «көз қорқақ — қол батыр» деген осы. Досханның ойлана келе осындай іске қадам басқанның арқасында ендігі жерде өнімге де ысырап болмайды, еңбек те далаға кетпейді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЕРЕКШЕ ІСТІ
ҚОЛҒА АЛДЫ

Елімізде адамның қабілеті мен икеміне қарай өз кәсібін ашып, ісін жандандыруға бар жағдай жасалған. Мемлекет беретін мүмкіндікті игілігіне пайдаланып, кәсібін дөңгелетіп жатқан жандар баршылық. Соның арқасында кәсіпкерлік саласының көкжиегі кеңейіп, өркен жайып келеді. Біз осы ретте Қызылорда облысы Шиелі ауданы өкімдігінің Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне хабарласып, ауданда кәсіпкерлікті дамытып отырған жандар туралы ақпарат алдық.

Солардың бірі Акманар Жұманазар — ерекше кәсіптің иесі. Сыр өңіріндегі Шиелі ауданына қарасты Бәйгекұм ауылының тұрғыны бүгінде лаваш өндіруді қолға алды. Айта кетейік, Акманар Нұр-Сұлтан қаласында азық-түлік өнімдерінің технологиясы мамандығы бойынша білім алған. Оқуын тәмамдаған соң, Алматыдағы Қазақ тағамтану академиясында үш жарым жылға жуық уақыт жұмыс істеп, кейін денсаулығына байланысты өзі туып-өскен Бәйгекұм ауылына қайта оралады. Үздіксіз ізденіс, тынымсыз тіршілік үстінде жүретін Акманар Қолдасқызы қол қусырып отырмай, қандай да бір кәсіп бастау керек деген ойға тоқтайды. «Студент кезімде тәжірибе алмасу мақсатында Арменияға бардым. Ол жакта сүт пен үн өнімдерінен дайындалатын тағам түрлерін зерттедім. Бүгінде донер, шауырма, сэндвич сынды тағамдардың үлкен сұранысы ие екенін білесіздер. Қазір фастфудқа құмартатындар көп. Сондықтан жеңіл әрі тез дайындалатын тағам түрлері үлкен сұранысқа ие. Осыларды ескере отырып, лаваш дайындауды қолға алдым», — дейді.

Кәсіпкер қыз бүгінде үйінің жанынан шағын цех ашып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Үкіметтен 505 мың теңге көлемінде грант ұтып алып, шаруасына қажетті қамыр илейтін, жаятын, пісіретін құралдарын алған. Одан бөлек, тапсырысы да ұлғайып, 3 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Кейіпкеріміз өзінің алғашқы жұмыс күндері туралы былай деді: «2019 жылдың сәуір айы болатын. Қолдан 30 лаваш дайындап, аудандағы фастфуд дайындайтын

орындарға апарып көрсеттім. Ұнап жатса, тапсырыс аламын деген ой ғой менікі. Содан кенттегі «Әмлі» асхана желісіне дәмін татып көруге он данасын беріп едім, келесі күні тұрақты шартқа отыратынын айтты. Бірақ келісім бойынша күніне 500 дана әкелуімді сұрады. Бірақ бір күннің ішінде 350 дана ғана дайындап үлгердім. Ал қазір аппараттың көмегімен 500 дана лавашты 5 сағатта дайындай аламын. Үкіметтен ұтып алған гранттың маған үлкен көмек болды», — дейді.

Кәсіпкер бүгінгі таңда көршілес Жанақорған, Қызылорда қаласына өз өнімін тұрақты ұсынып отыр. Айтуынша, Қазалы, Кармакшы аудандарынан да ұсыныс түсіп жатыр екен. Бірақ өнімді жеткізу жағы қиын болғандықтан, әзірге бас тартуда. Акманар: «Мен өте

арманшыл адаммын. Алға қойған мақсатым да көп. Солардың бірі — өзім тұратын елді мекендегі жұмысы жоқ немесе өз мамандығы бойынша еңбек еткісі келмейтін жандардың 30 пайызын жұмыспен қамтысам деймін. Әрі кәсібімнің көкжиегін одан әрі кеңейтіп, үлкен цех ашқым келеді», — дейді.

Иә, тәуекелге бел буып, өзін дамытқысы келетін адам ғана белгілі бір кәсіппен айналыса алады. Әрі еңбек еткен табысқа жетеді, яғни өз жалқаулығын жеткен адам ғана мол бақыт пен байлыққа кенеледі. Сондықтан өзі жас болса да, лаваш дайындау бойынша ауданда көш бастап отырған Акманар Қостайқызының еңбегі көпке үлгі. Біз де өз кезегімізде бизнестің баспалдығынан көрінген кәсіпкердің ісіне сәттілік тілейміз.

Дайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Кәсібі – нәсібі

Бүгінде кәсіпкерлік саласына мемлекет тарапынан жасалынған жан-жақты қолдаудың арқасында кәсібін дөңгелетіп, жемісін көріп отырған жандар бар. Соның бірі – мемлекеттен қайтарымсыз қаржы алып, берілген қаражатын пайдалы іске жұмсап отырған Алматы облысы Көксу ауданы Еңбекшіқзақ ауылының тұрғыны Әлмира Дәулетова.

Әлмира — өзін-өзі жұмыспен қамтитын жандардың қатарында. Ауласында тауық өсіреді. Сол кәсібімен күнделікті нәпақасын тауып отыр. Алғашқыда бұл істе тәжірибесі

жұмыртқаны үлкен базарға апарып өткізеді. Шаруамды әрі қарай дөңгелетуге әкімдік тарапынан да көп көмек болды. Өйткені атаулы әлуеттік көмек алуға жүгінген кезімде әкімдік қызметкерлері жоба туралы айтып, қатысып көруімді

санын арттырып, бизнесімді әрі қарай ұлғайтсам деген жоспарым бар.

Ең бастысы, ерінбей еңбектеніп, қиындыққа мойымау. Өйткені қиындықпен күресу арқылы тәжірибе жинайсың. Әр істің шешімін табуды

жоқ әйел біраз шығынға ұшырағанымен, кейін кәсібінің қыр-сырын ұға бастайды.

Әлмираның айтуынша, «Бизнес — Бастау» жобасы арқылы мемлекеттен алған қайтарымсыз қаржысы өз бизнесін бастауға серпін беріпті. Ол :«Жоба арқылы берілген қаржыға ең алдымен 100 ломанн браун неміс тұқымды тауығын және сыйымдылығы 350 жұмыртқаға жететін инкубатор алдым. Одан бөлек жемшөп пен қажетті заттар алып, жұмысты бастап кеттім. Бастапқыда бұл салада тәжірибем аз болғандықтан, біраз балапан өліп қалды. Сондықтан құс бағуда тәжірибесі бар жерлестерімнен кеңес алуға тура келді. Құстарға жем мен дәрумен беру, уақытылы қадағалау сынды жұмыстарды үйрендім. Қазір біртіндеп бизнестің қыр-сырын түсініп, тәжірибе жинақтап келемін», — дейді.



«Шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 2025 жылға қарай 35 пайызға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың саны 4 миллион адамға дейін көбеюі керек. Бұл осы саланы дамытуға бағытталған жұмыстардың басты нәтижесі болмақ».

Президент
Қасым-Жомарт Тоқаев

Кәсіпкердің айтуына қарағанда, қазір халықтың табиғи таза жұмыртқаға деген сұранысы артқан. «Әр апта сайын жиналған

күтіммен үйде отырғандықтан, қандай да бір жұмысқа орналасуға мүмкіндігім болмады. Бірақ әр істің өз кайыры бар екен. Қазір тауық

ЕРІНБЕГЕН ҚҰС ӨСІРЕДІ



бағдарламаларға алғысым шексіз. Кенже ұлым өте сирек кездесетін ауруға шалдыққан. Ерекше күтімді қажет етеді. Бала

үйренесін», — дейді ол ағынан жарылып.

Әлмираның ендігі диттегені — кәсібінің ауқымын кеңейту. Сәйкесінше, алатын өнімі артып, табатын табысы да молаяды. Бизнесінің ауқымын кеңейткісі келетін еңбеккер жан бір орында тоқтап қалуға болмайтынын жақсы түсінеді.

Макпал МАХАМЕТКЫЗЫ

Әскери маман
боламын

Кеше ғана мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан біраз бозбаланың бүгін бағы жанып оқуға түсті. Курсант атанды. Үлкен өмірге жолдама алып, ендігі өмірін шекарашы мамандығымен байланыстырған олар қайтсе де осы мамандықтың қыр-сырын меңгеруге асығады. Барлығының мақсаты — бір. Оқу барысында кезіккен қиындыққа мойымай, осы жолда табандылық таныту.

КӨЗІНДЕ – ОТ
ЖҮРЕГІНДЕ – ЖАЛЫН!

Биылғы бірінші курс курсанттары ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен ҚР ҰҚК Шекара академиясының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында оқуға түсті. Олардың алғашқы қадамы осындай тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келіп отыр. Алматы облысы Қараой елді мекенінде орналасқан далалық оқуды қамтамасыз ету басқармасында аталмыш оқу орнына құжаттарын тапсырып, курсант атанған шекарашылар



жауынгерлік тапсырмаларды орындауын іс жүзінде көрсетті. Берілген бұйрықты қалт жібермей орындауға машыктандырылған шекарашы иттер қол жүктеріне жасырылған есірткі заттарын анықтауда және көліктердегі жарылғыш заттарды табуда мүдірген жоқ.

Содан кейін көрсетілім сабақтарын тамашалап тұрған курсанттар Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы жасакталған «А» тобы ұйымдастырған сауытты техникалары мен заманауи үлгідегі қару-жарақ көрмесін тамашалады. Ортаға шыққан кинологиялық орталықтың шекарашылары қызмет итінің көмегімен шекарашы курсанттарға мемлекеттік шекараны бұзушымен бетпе-бет кездескен жағдайдағы қарумен және қарусыз қактығысқа түсу тәсілдерін көрсетті. Сонымен қатар, ланкестерді қырықтау кезіндегі суық қаруды қолдану мен қоян-қолтық ұрысты пайдалану амалдарын шеберлікпен паш етті.

Айта кету керек, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясына оқуға түскен курсанттар да көрсетілім сабақтарын тамашалауға шақырылған екен.

Көрсетілім сабағынан кейін ерекше әсерге бөленген бірінші курс курсанттарының жанынан жарк-жүрк еткен ұшқын байқалды. Мұны біз болашақ шекарашы офицерлердің қатарын көбейтуге ниет білдірген жастардың тандаған мамандықтары үшін еш өкінбейтіндіктерінің белгісі деп түсіндік.

Аппак армандарын аркалап, киелі ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түскен барлық курсанттарға тек қана ақ жол тілейміз!

Жанат ЖАБЫРБЕКОВ,
ҚР ҰҚК Шекара академиясының
баспасөз хатшысы



қаздай тізіліп академия ұжымы ұйымдастырған көрсетілім сабақтарын тамашалады.

Бірінші кезекте мемлекеттік шекара белдеулерін қүзету кезіндегі білуге қажетті қозғалыс түрлері көрсетілді. Ат үстіндегі желіс, баяу шабыс, солға және оңға бұрылу. Одан әрі төрт аттылығын біріккен қозғалысы кезіндегі түрлі әдістерімен қатар, бағытты өзгерту, диагональ бойымен шауып оңға, солға бұрылу, айналып, кері жүру әдістері де көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, салт атты шекарашының түрлі биіктіктегі тосқауылдарды шауып келе жатқан бойда секіріп өту тәсілдері, ат үстінде саптық пәрмендерді орындау амалдарын да жиналған қауым жақыннан көре алды.

Келесі кезекте, ҰҚК Шекара қызметі кинологиялық орталығының мамандары үйретілген қызмет иттерін пайдаланудың амал-тәсілдерін шеберлікпен орындап шықты. Ортаға мемлекеттік шекара күзетіне тартылатын бельгиялық, шығыс-еуропалық және неміс овчаркасы, орыстың аңшылық иті шығарылды. Қызмет иттерінің



Жасыл энергетика

Соңғы жылдары бүкіл әлемде жаңғыртпалы энергетикаға басымдық беріле бастағаны мәлім. Біз де осы көштен қалып қоймауымыз керек. Осы тұрғыдан келгенде, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәселелерді реттеу, туризмнің өркендеуіне мүмкіндік ашу бағытында Қапшағай қаласында бірқатар жұмыс атқарылған.

Алыс-жақынға туристік әлеуетімен танымал Қапшағай қаласы кейінгі жылдары баламалы энергия өндірумен де аты шыға бастады. Өткен жылдары ел мен жердің ертеңгі болашағына аландап жүрген азаматтар шетелдік инвесторлармен серіктесіп, күн мен желден электр энергиясын өндіру ісін қолға алды.

Қапшағай өңірінде энергия көздерінің барлық түрі бойынша нысандар салынып, қызмет жасауда. Алматы облысының электр желілері мен электр қуатына қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жел ресурстарын пайдалану арқылы жел электр стансасы құрылысының бірнеше жобасы іске асырылуда.

Жел электр стансасының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылығы көп. Ол көмір мен мұнайды, газды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, қоршаған ортаны ластанудан сақтайды. Мамандардың сөзіне сүйенсек, жел күшінен өндірілетін энергия мөлшері желдің тығыздығына, жел турбинасы қалақшаларының ауданына, жел жылдамдығына тәуелді болмақ. Биіктігі 44 метрді, турбина қалақшасы 58 метрді құрайтын жел электр стансасы тәулігіне 60-70 мың кВт электр қуатын өндіреді.

Өткенде «ВЭС Сарыбұлақ», «АННАР» ЖШС, «Технобозалт» сияқты жана технология парктерін көріп, жұмыс барысымен танысқан едік. Бұл іргесінен Іле өзені ағып өтетін, айналасы жазық Қапшағай өңірі жыл он екі ай самал есіп тұратын аймақ. Оның үстіне Қапшағайдың манайы күн нұры тіке түсетін және жыл бойы күн энергиясынан тапшылық көрмейтін жер. Демек өңірдің осындай қасиеті баламалы энергия көздерін өркендетуге мол мүмкіндік береді.

Nurgisa 100MW Solar park стансасының бастығы Ерен Еркінұлы осы станса туралы айтып берді: — 280 гектар аумаққа орналасқан Nurgisa 100MW Solar park 2018 жылы іске қосылды. Содан бері толық қуатпен жұмыс істеп келеді.

КҮН мен ЖЕЛДІҢ ҚУАТЫ



2018 жылдың шілде айында «ВЭС Сарыбұлақ» ЖШС мен «ВЭС Сарыбұлақ-2» ЖШС-нің жел электр стансасы іске қосылды. Мұнда жалпы өнімділігі 9,0 МВт болатын 11 жел генераторы іске қосылған. Нәтижесінде 5 жана жұмыс орны құрылды. Жобаны іске асыруға 3,0 млрд теңгеден астам инвестиция

2019 жылдың өзінде 160 млн кВт/сағат электр энергиясын өндірдік. Жалпы күн энергиясынан электр өндіру қоршаған ортаны бүлдірмейді, экологияны бұзбайды. Сондай-ақ жыл сайын Қапшағай қаласының туристік әлеуеті артып келеді. Соған сай туристік орталықтардың да саны өсе түсуде. Тиісінше, электр энергиясына



тартылды. 2018 жылы кәсіпорын 12,8 млн кВт/сағ. электр энергиясын өндірді. 2019 жылы «ВЭС Кербұлақ» ЖШС және «ВЭС Кербұлақ-2» ЖШС-нің жалпы қуаты 9,0 МВт жел электр стансасы қосылды. Сондай-ақ Қапшағай қаласында ҚР Үкіметінің «Жанартылатын энергия көздерін дамыту» бағдарламасы аясында «Аннар» ЖШС-ның қуаттылығы 5 МВт-ты құрайтын жел электр стансасы іске қосылды. Қапшағайда жүзеге асқан жобаға «Аннар» ЖШС 1 млрд 440 млн теңгенің инвестициясын салған. Шаһарда су электр стансасы 1970 жылдан бері жұмыс істеп келе жатса, 2014 жылы қуаты 2 МВт болатын күн стансасы іске қосылған болатын. Енді олардың қатары жел электр стансасымен толықты.

деген сұранысты көбейеді. Біз өз құлшынысымыз арқылы жұрттың электр жарығына деген қажеттілігін қамтамасыз етуге сеп боламыз. Бүгінде баламалы энергия көздерін іздеудің маңызы артып отыр. Энергияны шектен тыс пайдаланудан салдарынан жер бетінде жаһандық жылыну үрдісі жүруде. Ал жер бетіндегі температураның көтерілуі, жаһандық жылыну бүгінде әлем елдерінің басын қатырып отырған мәселе. Осы орайда Алматы облысындағы баламалы энергия көздерін табу, табиғаттың өзін энергия көзі ретінде пайдалануға ынта жоғары болып отыр деуге болады. Бұл үрдіс алдағы уақытта да сәтті жалғасын табады.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Қаладан – ауылға

Біздің елімізде кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарламалардың артықшылығы шүбә келтірмейді. Jas qazaq әр өңірде шағын кәсіптің көзін тапқан жандар туралы талай рет жазды. Бұл жолы біз Жамбыл облысы Меркі ауданы Қызыл Сай ауылының тумасы, агроөнеркәсіпке ден қойған Досхан Саховпен телефон арқылы байланыстық. Арнайы баруға карантиндік шектеу болғандықтан сақтық шарасын ұстандық.

Досхан САХОВ:

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ «ҚОЛАЙЛЫ АТМОСФЕРА» ЖАСАЛҒАН



Сайын даланың байлығы – қойнауындағы қазбасы ғана емес, жер бетінде жайқалып өскен арпа-бидайы емес пе? Дана халқымыз «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп тегін айтпаған ғой. Осы бейнетті де зейнетті кәсіпті қолға алып, көзін тапқандардың бірі — меркілік Досхан есімді кәсіпкер. Алматы қаласында оқып, заңгердің дипломын алса да, ол заң саласына емес, бағытын басқа арнаға бұрып, ауылға келіпті. Қазір жастардың көбі қалаға жөңкіліп жатқанда, еңбеккор азамат ауылды

«Беларусь» тракторының үшеуін сатып алған. Егіншілікті кәсіп еткеніне алтыншы жыл. Жер көлемін 300 гектарға жеткізіп, кәсібін одан әрі ұлғайтып жатқан көрінеді. Осы дәрежеге жету үшін мемлекеттік қолдауға сүйенген. Бұл жайында Досхан Асқарбекұлы: «Қазір мемлекет шағын және орта кәсіп бастаған азаматтарға қатты көңіл бөлуде. Мысалы, өзгелер алатын жанармайды біз 10-15 теңгедей арзандау аламыз, ал жүздеген гектар жерге жанармайдың өте көп кететіні айтпаса да түсінікті. Оған қоса,

жерден 13-15 центнер өнім алған болса, биыл небәрі 3-4 центнерден жинапты. Мұндай көрсеткішпен шығын ақталмай қалуы да мүмкін. Әйтсе де, мұндай жағдайда мемлекеттің де қарап қалмасы анық. Әрі бұл енсеруге болатын уақытша қиындық.

Біздің түсінгеніміз, кәсіптің қай түрі болмасын, бастап кетуге жол ашық. Тек ынта мен жігер керек.

Мәулен ЖЕКСЕН, Меркі ауданы Жамбыл облысы

Мұнай өндірісі

Осы айдың ортасына таман Caspian Drilling Company Ltd. (CDC) теңіз және логистикалық базасында қазақстандық алғашқы «Сәтті» өздігінен көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысының теңізге шығуының салтанатты рәсімі болып өтті. Бұл туралы Jas qazaq газеті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып хабарлайды.

қазақстандық мұнай сервистік қызметі нарығы үшін тарихи күн болып саналады. CDC, British Petroleum сияқты компаниялармен орнаған ынтымақтастығымыз халықаралық тәжірибе алмасуға ғана емес, сонымен қатар әлемдік стандарттар бойынша сапалы қызметтер көрсететін Қазақстан мұнай сервистік қызметі нарығын бәсекеге қабілетті сала ретінде көрсетуге мүмкіндік бермек». «Сәтті» қондырғысының модификациясы 2021 жылғы маусымда аяқталды. Бұл жұмыстар оның техникалық сипаттамасын жақсартып, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді.

түрде бұрғылай алады. «Сәтті» Каспий теңізінің әзірбайжан секторындағы Shallow Water Absheeron Peninsula (SWAP) жобасында пайдаланылатын болады. Жобаның операторы — British Petroleum Absheeron Limited. «Сәтті» бұрғылау қондырғысы — әлемдік стандарттар бойынша толығымен Қазақстанда жасалған алғашқы бұрғылау қондырғысы. Бұған дейін КМГ мен SOCAR (Әзірбайжан) компаниялары Өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ қондырғыны бірлесіп пайдалануды көздейтін Бірлескен қызмет туралы келісімге қол қойды. Бұрғылау қондырғысы КМГ

«СӘТТИ» ҚОНДЫРҒЫСЫ ТЕҢІЗГЕ ШЫҚТЫ



Аталған компанияның мұнай сервиси және көмірсутек шикізатын көдеге жарату жобалары департаментінің директоры Асхат Дүйсалиев осы шараға орай былай деді: «Бүгін

Айталық, қондырғының жүк көтеру қабілеті 453 тоннадан 680 тоннаға дейін ұлғайтылды. Қазіргі уақытта қондырғы терендігі 6 000 метрден асатын мұнай-газ ұңғымаларын тиімді

еншілес мекемесі «KMG Drilling & Services» ЖШС-не тиесілі, ал қондырғыны басқаруды CDC компаниясы жүзеге асырады.

Талап ТІЛЕГЕН

АЙЫЫН

Ағымдағы жылдың 18 тамызында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қасиетті шекарасын күзету міндеті жүктелген ҰҚК Шекара қызметінің құрылғанына 29 жыл толды. Тоныкөк батыр бабамыз «күндіз отырмадым, түн ұйықтамадым» деп жырлағандай, осы жылдардың ішінде шекарашылар ел шебіне сызат түсірген жоқ. Солардың бірі – капитан Дастан Жүнісов дүниеге 1991 жылы келген. Ата-бабаларымыздың асыл арманы орындалған жылы...



Күндіз-түні ел шебінде



Жас ғұмыры еліміздің онтүстіктегі шекарасында өтіп келе жатқан офицердің шекарашы мамандығына келуінің өзі қызық. Ол әскери өмірдің дәмін төртінші сыныптан бастап татып үлгеріпті. Бұл туралы Дастанның өзі былай дейді: «Мен сізге бір сыр айтайын ба? Мен қазақтың атақты батыры Қабанбай бабамыздың туған күнінде туылғандықтан, әжем атымды Ерасыл деп қоймақ болса керек. Бірақ неге екенін білмеймін, оның орнына маған Дастан деген есім беріпті. Әжем «Сені жыр-дастандардағы батыр бабаларындай болсын деп есімінді Дастан деп қойдык» деп айтып отыратын. Мүмкін, үлкендердің үкілі үмігі болар, әскери форманы бала кезімнен қатты ұнаттым. «Өскенде әскери боламын» дейтінмін. Өйткені біздің жақта әскери адамдарды жиі кездестіруге болатын. Өзім Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданына қарасты Қалбатау ауылынанмын. Содан бастауыш сыныпты бітіріп, төртінші сыныпқа көшетін жылы анам Дәурен ағам екеумізді Семей қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» әскери мектеп-интернатына апарды. Осы жерден бірден денсаулығымызды тексеріп, еш кінәрат таппаған соң оқуға қабылдандым. Айтпақшы, өзімнің спорттан да осал еместігімді білдіріп, комиссияның көз алдында темір белдеуге

он бір рет тартылып, «айды аспанға» бір-ақ шығарғаным бар. Ал ағам өте алмады. Бауыржан атамыз «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп айтқандай, уақыт өте келе, мен нағыз әскери тәртіптің адамы болып шыға келдім. Тіпті қалай айтсам екен, біз — қалеттер өзіміздің азаматтық өмірдегі қатарластарымызға қарағанда, ерте есейіп кеткендей болдық. Әсіресе, мен. Білесіз бе, демалысқа шығып, ауылға өзімнің әскери формаммен барғанды ұнататынмын. Бір қызығы, достарым демалысты ансап күтсе, мен екі-үш күннен кейін өзімнің мектебімді, ондағы әскери өмірімді сағынып шыға келетінмін. Ал әскери мектептің қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқанымыз былай тұрсын, біз Семей қаласындағы бірде-бірде марафонды жібермейтінбіз. Қаладағы мектеп аралық

жарыстарға жиналған желаяқтар да бізді көрсе болды, көңіл күйлері бірден «түсіп» кетуші еді. Мектепті бітіретін жылы түрлі әскери оқу орындарының өкілдері келіп, бізбен әңгіме өткізді. Әсіресе, шекарашы офицерлердің шекара, романтика, туған жеріміздің шетінде күн мен түнге жалғасып жататын өмірі туралы айтқан әңгімелері мені өзіне магнитше тартқаны сонша, сол сәтте-ақ шекарашы мамандығын таңдадым. Бірақ мен жалғыз емес едім. 2009 жылы ҰҚК Шекара академиясына біздің әскери мектептен 11 кадет келдік. Он біріміз де жұбымыз жазылмай, оқуға бірге түстік. Академия қабырғасында осал болмауға тырыстым. Өйткені мен кадетпін ғой. Сондықтан жаңа әскери ортада да өзімнің желаяқтығымның арқасында енді Алматы қаласындағы марафондардан жүлдесіз оралмайтын болдық. Мұнда да достарым көп, ал нағыз достар үшеу болдық. Олар — курсанттық өмірдің ыстығы мен суығын басымыздан бірге кешірген өзім секілді Дастан Әубәкіров пен Талғат Қасымбеков. Дастан бүгінде Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты шекара баскармаларының бірінде қызмет атқарса, Талғат досым Атырау облысы бойынша департаментінің қарамағындағы шекара шебінде. Ал мені жолдамамен қазіргі Түркістан облысы департаментінің Мақтарал ауданы бойынша шекара баскармасына жіберген. Осында алдымен құмның ішінде «Тамды», «Орысқұдық», «Арнасай» шекара бөлімшелерінде қызмет атқарған соң, «Сырдария» шекаралық бақылау бөлімшесіне ауыстырылдым. 2019 жылдан бері «Жетісай» шекаралық бақылау бөлімшесінде қызмет атқарамын. Мұнда контрабандаға қатысты оқиғалар жиі болады. Көбінесе контрабандашылар жанар-жағармай, темекімен қолға түсіп қалып жатады. Есірткі затымен ұсталғандар да бар. Мен Қазақстан Республикасы егемен ел атанып, Тәуелсіздікке қол жеткізген жылы, әрі Қабанбай батырдың туған күнінде дүние есігін ашыппын. Енді туған жерімнің шекарасын көзімнің қарашығындай күзетіп келемін. Міне, менің ел шебіндегі өмірім осылай өріліп келеді. Мен үшін зор мақтаныш.

Иә, жыл сайын 18 тамыз күні өздерінің төл мерекесін атап өтетін шекарашылардың қатарынан ойып тұрып орын алған Дастан — Тәуелсіздіктің құрдасы. Еліміздің тыныштығы үшін «күндіз отырмаған, түн ұйықтамаған» батыр бабаларымыздың бүгінгі ізбасары. Біздің шекарашы офицер мұны мақтаныш тұтатынын бүкпесіз жеткізді.

Тәуелсіз еліміздің әрбір шекарашысы осындай болса керек-ті!

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметінің запастағы подполковнигі
Сурет капитан Д.Жүнісовтің жеке мұрағатынан



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Жобаның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Курсқа қатысып, тәлім алып жүрген талапты жастың бірі – Бақытжан Омашев. Бақытжан Нұржаубайұлы спортқа жақын. Салауатты өмір салтын қатаң ұстанады. Аптасына екі күн: сөйсенбі және бейсенбі күндері жаттығу залына барып, тәлімгерінен темір көтерудің әдіс-тәсілдерін меңгеріп жүр. Армансыз адам – қанатсыз құс. Бақытжан келешекте паралимпиада ойындарына қатысып, еліміздің көк байрағын желбіретсем дейді. Оқырман назарына кейіпкеріміздің курс барысында жазған ой-толғамын ұсынамыз.

Бақыттың кілті өз қолыңда



Мен 1992 жылы Алматы облысында дүниеге келдім. Бүгінде ата-анаммен бірге Алматы қаласында, Саялы ықшам ауданында тұрамын. Бұған дейін ойлайтынмын, аяғым сал болып арбаға таңылғандықтан енді ештеңеге жарамайтын шығармын деп. Бірақ адамның ойы сергек, көңілі ояу болса, жігері мұқалмаса, мүмкіндік деген шексіз екен. Біздерді «мүмкіндігі шектеулі» деп қоғамда бөлектейді. Мүмкін әлеуметтік көмек беру, жәрдем көрсету мақсатында солай бөлетін болар. Бірақ біздің де бұл өмірде алар орнымыз, шығар биігіміз бар екенін, мүмкіндігіміз ешқашан шектеулі болмайтынын айтқым келеді. Мен өзім келешекте көлік жүргізуді мақсат еттім. Иә, көдімгі автокөлікті өзім зырылдатып, ешкімнің көмегіне зәру болмай-ақ басқарғым келеді. Сол мақсатыма жету үшін аптасына екі мәрте жаттығу залына барып жүрмін. Ең әуелі қолыма күш жинап, машықтансам, сосын көлік жүргізу курсына жазыламын. Одан бөлек, қыркүйек айынан бастап қол күресі үйірмесіне қатысамын. Келешекте паралимпиадалық ойындарға қатысып, еліміздің көк байрағын желбіреткім



келеді. Соған жету үшін тынбай еңбектену керек. Сөйсенбі және бейсенбі күндері таңғы сегізде үйден инватакси алып кетеді де, түскі сағат екіге дейін жаттығу залында тер төгемін. Өзім секілді тағдыр төлкегіне түсіп, арбаға танылған жандарға «бұл да бір сынақ, тек сынбаныздар» дегім келеді. Біз маңдайымызға жазылған ауыртпалықты көтере білгенде ғана бақыттың кілтін табамыз.

Бақытжан ОМАСHEB,
І топтағы мүмкіндігі шектеулі жан

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.